

Қарағанды Мемлекеттік Медицина Университеті
Психология негіздері мен Коммуникативтік дағдылар кафедрасы

**Дәрігер жұмысындағы науқаспен қарым-қатынасы және
шиеленіс жағдайлар**

Орындаған: 1-001 топ, Ганиева А.Б.

Тексерген: Жакишева Г.С.

Қарағанды 2016

Жоспар:

1) Кіріспе

2) Негізгі бөлім

А. Шиеленіс туралы түсінік

Б. Шиеленісті тудыратын себептер

В. Дәрігермен науқастың қарым-қатынасы

Г. Шиеленісті шешу жолдары

3) Қорытынды

4) Пайданылған әдебиеттер тізімі

Әр адам біртұтас және қайталанбайтын табиғи құбылыс болып табылады және өмір бойы өзінің мақсатын орындауға қажетті шығармашылық потенциалға ие. Адам өсіп, даму процесінде жұқтаждықтарын қанағаттандыру жолымен жүзеге асырады.

Мұқтаждық-адамның өмір бойы басынан кешіретін физиологиялық және психологиялық тапшылығы.

Денсаулық пен адамдыққа жету үшін оны толықтырып отыру қажет. Әр адамның қалыпты түрде өсіп, дамуы үшін қанағаттандыратын қажетті негізгі өмірлік маңызды мұқтаждықтары болады және оны өзінің атқаруы өте маңызды. Адам сонда ғана толығымен рахаттану сезіміне бөленеді. Көп мұқтаждықтың біреуінің болмасын қанағаттандыруы бұзылған жағдайда адамдарда жағымсыз жағдай, яғни дискомфорт және адам арасында шиеленіс болуы мүмкін.

Шиеленісті тудыратын себептер:

- 1) Емделушінің мейлінше мүмкін жағдайын жасамаса;
- 2) Ауру кезінде жаңа жағдайларға емделушінің бейімделуіне көмек көрсетпесе;
- 3) Емделушінің шағымдарына, қойған сұрақтарына толық қанағаттандыра аларлықтай жауап бермеген жағдайда;
- 4) Емделушіге мед. персоналдар қарапайым тілде түсіндіре алмаған жағдайда;
- 5) Науқасқа дұрыс күтім көрсетілмеген жағдайда;
және тағы басқа себептер болуы мүмкін

Шиеленісті шешу жолдары:

- 1) Әңгімелескенде қолайлы жағдай жасау;**
- 2) Емделушімен әңгімелескенге дейін ол туралы барлық мәліметті алдын ала білу керек;**
- 3) Емделушімен сенімді қарым-қатынас құру қажет;**
- 4) Әңгіменің сарынын белгілеу керек;**
- 5) Нақты сұрақтар қою қажет;**
- 6) Белгілер жасау керек;**
- 7) Жеңіл түсіндіру қажет.**

Әңгімелескенде қолайлы жағдай жасау

- Біріншіден, жарықты бағалаңыз. Тым жарық немесе жартылай жарық емделушінің және сіздің көзіңізді шаршатады. Сізге немесе науқасқа сұраққа ынта қоюға шу кедергі болмай ма? Осындай кедергілерді жоя алмасаңыз, әңгімені жалғастыру үшін басқа бөлмеге ауысуды ұсыныңыз.
- Егер емделуші әңгәме біреуге кедергі болғанын сезсе, өзін қолайсыз сезінеді. Мүмкіншілік болса танысуды емделушінің палатадағы көршісі жоқ уақытына жоспарлау керек. Басқаларды уақытша сыртқа шыға тұруларын сұраңыз, науқастың келісімінен достары мен туысқандарына бірге болуға мүмкіншілік жасу керек.
- Емделуші әңгімеге дайын ба? Егер ол шаршаса, бір нәрседен қорықса, бір жері ауырса ол қапаланып, сөзге сараң болады. Бұл жағдайда танысуды басқа күнге ауыстыру керек. Емделушінің сырқаты болса, дәрігер тағайындаған амалдарды орындау қажет. әңгімеге 15 минуттан аз уақыт бөлмеу керек. Асықпаңыз: жақсы нәтиже алу үшін әңгімеге 1 сағатқа дейін созылуы мүмкін. Бұндай жағдайда емделушіге түсіндіріп, әңгімені бірнеше бөлікке бөлу қажет.

Емделушімен әңгімелескенге дейін ол туралы барлық мәліметті алдын ала білу керек

- Бұрынғы емделген жерлерден де (ондайлар болса) мағлұмат жинастыру керек. Осылайша, сіз уақытыңызды үнемдейсіз және науқасты шаршатпайсыз. Бірақ, алынған мағлұматтардан қорытынды шығаруға тырысыңыз. Сізде емделушінің және оның туысқандарының толық мекен-жайы, телефоны, жұмыс орны туралы мағлұмат бар екеніне көзіңізді жеткізіңіз.



Емделушімен сенімді қарым-қатынас құру қажет.

- Емделушімен әңгімені өз есіміңіз бен қызметіңізді атаудан бастаңыз. Емделушіңізді ата жөнімен атаңыз, жақсы дауыс ырғағыңызды қолданыңыз. Сіз түрегеп тұрсаңыз, емделуші өзін ыңғайсыз сезінеді де маңызды ақпарат қалып қоюы мүмкін. Оның айтқанына шын көңіл білдіріңіз. Қызығушылықпен қараған көзқарас және анда-санда оның сөзін қайталау күткен нәтижеге жетуге көмектеседі. Егер сіз, тік сойлейтін, жаныңызға жақындатпайтын селқоз адам болсаңыз, ол сізге сене алмайды.
- Емделушінің бетіне қарап, көзімен түйісіңіз, сәл жымыыңыз. Алынған мағлұмат дұрыс ем мен күтімді анықтауға көмектеседі.

Әңгіменің сарынын белгілеу керек

- Әңгімені «Хал-жағдайыңыз қалай?» немесе «Сізді не мазаландырады, қай жеріңіз ауырады?» деген сұрақтардан бастаңыз. Науқастың өз сырқатын айту барысында Сіз тексеріске жататын белгілерін анықтайсыз және бұл науқастың көңіл күйі мен түсіну деңгейін бағалауға көмектеседі. Науқастан алынған мағлұматты ешкімге жария қылмаңыз. Науқасқа сіздің сұрақтарыңызға бос жауап беруге мүмкіншілік тудырыңыз. Тақырыптан кетіп қалған жағдайда негізгі әңгіменің тақырыбын есіне түсіріңіз. Ол үшін оның денсаулығына байланысты сұрақ қойыңыз. Әңгіме барысында өзіңізді бақылаңыз, түсінікті, жай сөйлеңіз. Медициналық терминдерді пайдаланбауға тырысыңыз. Сіздің емделушіңіз оларды түсінбей қалуы мүмкін. Науқас сұрақтарды түсінгенінде күдіктенесіз бе? Сіздің айтқаныңызды өз сөзімен қайталап беруін сұраныңыз. Қалай жауап беретініне көңіл аударыңыз. Емделушіні өзінің ауру екенін түсіне ме? Осылайша, емделушінің сезімін түсініп сіз өзіңізге көмектесесіз.

Нақты сұрақтар қою қажет

- Көп жауапты талап ететін сұрақтар қойып көріңіз. Аяқталмаған сұрақтар емделушінің назарын жұмылдырады және оны толық жауап қайтаруға мәжбүр етеді. Емделушінің жауабына құлақ түріңіз. Олар өз артынан басқа сұрақтар тудыру мүмкін. Мысалы: «Сіздің көз көруіңіз қалай?» Егер ол «кейде көз алдым ағарып кетеді» деген жауап берсе сұрақ қоюды жалғастырыңыз. «Бұл жиі болып тұра ма әлде ұзаққа созыла ма?» деп сұраңыз.

Белгілер жасау керек

- Науқастан алған барлық мағлұматтарды жазбаңыз. Оның орнына қысқаша керекті фразаларды, мерзімін, уақытын жазып, кейін жазғаныңызды толықтырып отырыңыз.

Жеңіл түсіндіру қажет

- Емделушінің сұрақтарын көтермелеңіз. Жай, асықпай, жеңіл түсіндіріңіз. Егер емделушіге сіздің нұсқауларыңызды қайталау қиынға түссе, қысқаша белгілер жасаңыз.

Қорытынды:

- Науқас пен мед.персоналдар арасында шиеленістік жағдайлар туындамас үшін мен өз ойымды былай деп жеткізгім келіп тұр:
- Яғни мед.персоналдар емделушіге ауру қалпындағы физикалық, психологиялық - әлеуметтік жайлылыққа мүмкіншілік тудыратын өмірдің қолайлы қасиеттерімен қамтамасыз ету керек. Сонымен қатар, жарақат пен аурудың алдын алу, жойылған функцияларды қалпына келтіру, азап шегуді жеңілдету, және де емделушінің күтімін дұрыс ұйымдастыру, дұрыс орындау, жағдайын қанағаттандыру қажет.
- Мейірбике ісінің негізгі мақсаты- дәрігердің белгілегенін орындау мейірбике іс-әрекетінің негізгі және жалғыз мазмұнды емес, ол оның тек бір бөлігі ғана болып табылады.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

- 1) Мухина С.А., Тарновская И.И. Общий уход за больными.- М. : Медицина 1989.
- 2) Заликина Л.С. Основы сестринского дела: учебное методическое пособие- Смоленск,1989.
- 3) Гребенев А.Л., Шептулин А.А. Основы общего ухода за больными.- Медицина 1991.
- 4) Матвеев В.М. Основы медицинской психологии,этика и деонтологии. М.: Медицина 1991.
- 5) Мұратбекова С.Қ. Мейірбике ісінің негіздері.- Көкшетау 2008.